

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Алтын бала

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.10.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/45468/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

<b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> Алтын бала (әңгіме)	<b>Мектеп / МҮ: №131</b>	
<b>Күні: 13.09.2018ж</b>	<b>Педагогтің аты-жөні: Кадирова Алия</b>	
<b>Сынып/ топ: даярлық «Б»</b>	<b>Қатысқандар саны:17</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>ҰОҚ оқытылу мақсаты</b>	0.1.1.1. Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру 0.1.3.1. Тыңдалған материалды иллюстрация бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау 0.2.1.1. Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ және т.б.) 0.2.2.1. Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)	
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<p><b>Барлық тәрбиеленушілер орындай алады:</b> Әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып шағын шығармаларды айтып бере алады.</p> <p><b>Көпшілік тәрбиеленушілер орындай алады:</b> Әдеби жанрларды ажыратады. Тыңдалған материалды иллюстрация бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндайды.</p> <p><b>Кейбір тәрбиеленушілер орындай алады:</b> Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айтады.</p>	
<b>Тілдік мақсат</b>	<p><b>Тәрбиеленушілер:</b> Әңгіме бойынша пікірлеседі. Әңгіме мазмұны бойынша өз ойларын айтады. Өздерінің қатынасын эмоциялық түрде білдіреді.</p> <p><b>Көптілділік: алтын бала - «золотой» мальчик - golden boy</b></p> <p><b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> жанр, әңгіме, шыдамы таусылып, радио</p> <p><i>Пікір алмасу сұрақтары:</i> Қандай әңгімелерді білесіңдер? Есімізге түсірейік. Жақсы болу адам бойындағы жақсы қасиет пе? Алтын бала немесе жақсы бала болу үшін адам бойында қандай ерекшелік болуы тиіс?</p>	

<b>Өткен ҰОҚ-де алған білім</b>	Өткен әңгімелерді естеріне түсіріп атау.	
<b>Жоспар</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату.</b> 0–2 мин.	<b>(Ұ)</b> Педагог жағымды көңіл күй қалыптастыру үшін тәрбиеленушілерге өлең жолдарын қимылқозғалыс арқылы айтады. Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай, Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай, Болайықшы, досымай.	Музыкалық сүйемел деумен
<b>II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам.</b> 3–5 мин.	<b>(Т) Педагог шағын фольклор - мақалмен таныстырады.</b> «Алғыспен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». – Балалар, қалай ойлайсыңдар, алғысты қандай балаларға айтады? Тәрбиеленушілер алғысты қандай кезде айтатыны туралы болжам дайды. Алғысты жақсы ісәрекет жасаған немесе көмек көрсеткен балаларға айтады. – Сен өзің басқа бір адамдардан алғыс естідіңбе?	Мақал
<b>ҰОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс</b> 6–27 мин.	<b>(Ұ) Әліппе-дәптермен жұмыс:</b> Ребусты шешу. Шыққан сөздің мағынасын түсіндіру. – Қандай баланы «алтын бала» деп айтуға болады?	Әліппедәптер

	<p><b>(Ұ)</b> – Балалар, бүгін «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз. (Қосымша материалды қара). Біз бүгін әңгіме жанрымен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі – қысқа оқиғаны әңгімелейді. Мұқият тыңдаңдар. <b>Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әңгіме ұнадыма?</li> <li>- Әңгімедегі баланың ісәрекеті сендерге ұнадыма?</li> <li>- Анасы Зәукенді қайда жұмсады?</li> <li>- Зәукен атайдың қандай затын жөндеп берді?</li> <li>- Әжей Зәукен туралы не айтты?</li> <li>- Анасы неге қуанды?</li> <li>- Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың?</li> </ul> <p>Балалардың сұраққа толық жауап беруіне көңіл бөлінеді. <b>Сергіту сәті:</b> Ата менен ананың айтқан тілін аламын, Үлкен кісі жұмсаса, қайда болсын барамын. Төсекті өзім жинаймын, ешкімді де ренжітпеймін. Ешкім маған тимейді, Мен де бәрін сыйлаймын. <b>(Ұ) Сурет бойынша Әліппе-дәптермен жұмыс.</b> Сурет бойынша әңгімеле:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суретте Зәукеннің анасы не істеп жатыр?</li> <li>- Анасы баласына не деді?</li> <li>- Анасы баласын іздеп барғанда кіммен кездесті?</li> <li>- Әже мен ата баланың анасына не айтты?</li> <li>- Анасы баласына қалай қарады?</li> <li>- Өзің анаға қалай көмектесетініңді айтып бер.</li> </ul> <p>Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау. (56 бала айтады). Бір бала әңгіменің басын бастайды. Екінші бала әңгімені педагогтің сұрақтар қоюы арқылы жалғастырады. <b>Көптілділік: алтын бала - «золотой» мальчик - golden boy</b> <b>(Т) Жұмбақ шешу:</b> Өзі тас, өзі ақ, Дәмін татсаң ащыақ. (Тұз) <b>Мақал:</b> Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды.</p>	Музыкалық сүйемелдеу  Әліппедәптер
<b>IV. ҰОҚ</b>	Педагог қорытынды жасайды.	Әліппедәптер,
<b>қорытындысы.</b>	- Қандай жанрға жатқызасыңдар?	түрлі түсті
<b>Рефлексия.</b>	- Әңгіме қалай аталады?	қарындаштар
28-30 мин.	- Әңгімеде кімдер туралы айтылған?	
	- Әдепті, ұқыпты, тілалғыш бала болу қиын ба?	
	<b>(Ө, Қ) Рефлексиялық бағалау</b> - өз жұмысын бағалап қорыту.	
	Тәрбиеленушілер ҰОҚде өзінің жұмысына баға береді:	
	Ештеңе түсінбедім - қызыл түспен,	
	Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын - сары түспен,	
	Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын - жасыл түспен.	

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.